

ӘОЖ 331.101

DOI <https://doi.org/10.71050/2305-3348.2025.17.1.003>

**Байдақов А. Қ.,**

экономика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, a\_baidakov@mail.ru

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық зерттеу университеті  
010011 Астана қ., Жеңіс даңғ., 62*

## **ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ТАЛДАУ: Өңірлік ерекшеліктер және тұрақты даму үшін сын-қатерлер**

***Аңдатпа.** Мақала жұмыспен қамту санаты, жасы, білім деңгейі және табысы сияқты параметрлер бойынша негізгі ерекшеліктер мен мәселелерді анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы деңгейінде және өңірлер бойынша ауыл шаруашылығының еңбек ресурстарының құрылымын талдауға арналған. Мақаланың мақсаты – ауыл шаруашылығының еңбек ресурстарының қалыптасқан құрылымын айқындайтын негізгі факторларды анықтау және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлеу. Ауыл шаруашылығындағы жұмыс күшінің сан жағынан жеткіліктілігіне қарамастан, зерттеу нәтижесінде еңбек ресурстарының құрамындағы айтарлықтай құрылымдық теңгерімсіздіктер анықталды. Бұл теңгерімсіздіктер жұмыспен қамтылғандардың жасына да, біліктілік құрылымына да, санатына да қатысты, олар еңбек өнімділігі мен жалпы аграрлық сектордың тұрақтылығын арттыру әлеуетін айтарлықтай шектейді. Мақалада еңбек ресурстары құрамындағы құрылымдық теңгерімсіздік және жастар үшін аграрлық сектордың тартымсыздығы мәселелерін шешуге кешенді бағыт қажет екендігі атап көрсетілген.*

***Түйін сөздер:** еңбек ресурстары, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту, құрылымдық теңгерімсіздіктер, еңбек өнімділігі, жалақы.*

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) ресми деректері бойынша 2025 жылдың 1-қаңтарында 7511 мың адам ауылдық жерлерде тұрады (20286 мың халық санынан 37%), жалпы экономикада жұмыспен қамтылған 9187 мың адамның ішінде 979 мың адам немесе 10,6% осы салада еңбек етеді [1]. Алайда адами капиталдың елеулі бөлігі шоғырланған саланың ЖІӨ-де үлесінің жыл сайын кемуі байқалады: 2023 ж. салада өндірістің физикалық көлемі соңғы 10 жылда алғаш рет 8,3%-ға төмендеп, оның үлес салмағы тарихи минималды 3,9%-ға жетті [2]. 1061 мың адам не жұмыспен қамтылғандардың 12%-ы еңбек ететін саланың экономикаға қосқан үлесінің бар болғаны 3,9%

болуы, еңбек өнімділігі экономика бойынша орташа деңгейден 3 еседей төмен болуын көрсетеді. Нәтижесінде ауыл, орман және балық шаруашылығы (ауыл шаруашылығы) қызметкерлерінің табысы төмен, қалалық және ауылдық аймақтар арасындағы әлеуметтік алшақтық айқын.

Осылайша, тақырыптың өзектілігі аграрлық сектордағы еңбек ресурстарына байланысты бірқатар мәселелермен байланысты: еңбекпен қамтылған тұрғындардың қартаюуы, ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге дайын жастардың тапшылығы, еңбек ресурстарының өңірлер бойынша бөлінісіндегі сәйкессіздіктер, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар мен жұмыссыздарды есепке алу сұрақтары, сондай-ақ қызметкерлердің білімі мен біліктілігіне қатысты және басқа да мәселелер.

Зерттеудің мақсаты – ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарының қалыптасқан құрылымын айқындайтын факторларды анықтау және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлеу. Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы саладағы еңбек ресурстарының құрылымын терең талдау негізінде оның дамуын шектейтін негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік беруімен байланысты.

### **Әдебиетке шолу**

Ауыл шаруашылығы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін және аграрлық өңірлердің экономикалық дамуын едәуір дәрежеде айқындайтын Қазақстан экономикасының аса маңызды саласы болып табылады. Аграрлық сектордың тиімділігіне, оның ішінде еңбек өнімділігіне және жалпы саланың тұрақтылығына тікелей әсер ететін әсер ететін негізгі факторлардың бірі - еңбек ресурстарының құрылымы болып табылады. Соңғы онжылдықта Қазақстанның ауыл шаруашылығында демографиялық және әлеуметтік-экономикалық процестерге байланысты бірқатар өзгерістер орын алды, бұл өз кезегінде еңбек ресурстарының құрамына тікелей әсер етті.

Еңбек ресурстарының оңтайлы бөлінбеуі, жас топтары және біліктілік деңгейі бойынша елеулі теңгерімсіздіктер, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы жастардың жұмыспен қамтылуының төмен деңгейі сектордың тұрақты дамуы үшін елеулі сын-қатерлер туғызады. Бұл проблемалар әсіресе инфрақұрылымды дамыту деңгейіндегі айырмашылықтар, білім беру және еңбек ресурстарының қолжетімділігі, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жұмыс күшін пайдалану тиімділігіне әсер ететін жекелеген өңірлер деңгейінде айқын көрінеді. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарының жалпы саны «жеткілікті» сияқты болып көрінгенімен, еңбек ресурстарының құрамының қартаюуы орын алған және объективті себептерге байланысты аграрлық секторда жұмыс істеуге дайын жас мамандардың, солтүстік өңірлерде еңбек ресурстарының жетіспеушілігі бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2024 жылғы кезекті Жолдауында да мемлекет ауыл еңбеккерлерін ынталандыру үшін қажетті шараларды қабылдауға тиіс екені атап көрсетілген. 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялау арқылы еңбек адамының мәртебесін арттыру міндеттері қойылған [3]. Бұл бағытта отандық белгілі ғалымдар

Сатыбалдин А.А., Тлеубердинова А.Т., Кулик К.В ауылдық жерлерді елдің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің негізгі элементтерінің бірі ретінде ғана емес, үлкен құндылық ретінде бағалайды. Олар ұсынған ауылдық аумақтарды дамытудың авторлық тұжырымдамалық моделінде тұрақты дамудың басты кедергісі ретінде – ауылдағы өмір сүру жағдайына қанағаттанбауды атап өтеді [4]. Х.Тинкай, Б.Е. Рутембаев зерттеуінде жас мамандардың ауыл шаруашылығында қалуға қызықпайтынын, сондықтан жана технологиялар мен мамандықтарды игерген кадрлар жетіспейтінін атап өтеді [5]. Barker R., Adams R. зерттеулері дамыған елдердің көпшілігінде соңғы жылдары жұмыс күшінің орташа жасы жылдам өсуде, еңбек ресурстарының қартаюы және ауыл шаруашылығындағы жастардың тапшылығы еңбек өнімділігі мен саланың тұрақтылығын арттырудың маңызды мәселесіне айналғанын растайды [6].

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарының құрылымына қатысты айқын проблемаларға қарамастан, ауылдық аймақтарды дамыту мен еңбек өнімділігін жоғарылатуға, жастарды аграрлық салаға тартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру, еңбек жағдайларын жақсартумен байланысты мәселелерді шешу арқылы орын алған жағдайды түзетудің белгілі бір әлеуеті бар.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу материалдары ретінде ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің еңбек ресурстары, оларды жұмыспен қамту, олардың жасы, білімі мен табысы бойынша бөлінісі туралы ресми статистикалық деректері, ауылдық аймақтар мен агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бағдарламаларында келтірілген деректер мен оларды жүзеге асыру нәтижелері, сарапшылардың талдамалық материалдары мен ғылыми зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды.

Жұмыста сандық және сапалық талдау әдістерін қамтитын кешенді тәсіл қолданылды:

– жұмыспен қамту динамикасын, сала қызметкерлерінің құрылымын статистикалық талдау негізінде еңбек ресурстарының жағдайына қатысты негізгі үрдістер мен мәселелер анықталды;

– еңбек ресурстарының жас санаттары, білімі мен табысы, өңірлер бойынша бөлінісінің құрылымдық айырмашылықтарын анықтау үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды;

– еңбек ресурстарының құрылымына әртүрлі факторлардың (экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да) әсерін бағалау, зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар дайындау үшін жүйелік талдау әдістері қолданылды.


### **Нәтижелер**

Жұмыспен қамтылғандар мен оның ішінде жалдамалы жұмыскерлер санының әртүрлі әлеуметтік, демографиялық және экономикалық факторлармен сипатталатын кему тенденциясына қарамастан, ауыл ауыл шаруашылығы жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі шоғырланған сауда



ҚР бойынша	3 630 480	1 078 720	29,7	100,0	100	100	100,0
Абай	127 031	28 009	22,0	3,5	2,6	2,5	6,0
Ақмола	194 516	103 252	53,1	5,4	9,6	3,1	10,0
Ақтөбе	120 511	34 061	28,3	3,3	3,2	3,9	4,8
Алматы	627 531	127 427	20,3	17,3	11,8	4,1	8,7
Атырау	149 649	8 346	5,6	4,1	0,8	12,4	2,1
БҚО	162 672	46 176	28,4	4,5	4,3	4,0	3,6
Жамбыл	323 625	139 304	43,0	8,9	12,9	2,6	6,0
Жетісу	178 323	40 321	22,6	4,9	3,7	1,6	5,8
Қарағанды	104 058	37 994	36,5	2,9	3,5	7,0	4,7
Қостанай	178 421	101 090	56,7	4,9	9,4	3,8	9,5
Қызылорда	184 210	26 939	14,6	5,1	2,5	2,4	3,6
Маңғыстау	190 399	3 596	1,9	5,2	0,3	4,0	0,8
Павлодар	122 553	60 782	49,6	3,4	5,6	3,6	4,4
СҚО	162 545	74 406	45,8	4,5	6,9	1,8	11,5
Түркістан	646 813	187 705	29,0	17,8	17,4	3,5	10,7
Ұлытау	24 220	5 059	20,9	0,7	0,5	1,6	0,9
ШҚО	133 403	38 196	28,6	3,7	3,5	3,7	6,3
Астана қ.	x	5	x	x	0,5	10,7	0,1
Алматы қ.	x	3,3	x	x	0,3	20,6	0,1
Шымкент қ.	x	7,8	x	x	0,7	3,1	0,6

1-кестедегі деректер бойынша 2023 ж. ауылдағы еңбек ресурстарының ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі аграрлық Ақмола (53,1%), Қостанай (56,7%) және Солтүстік Қазақстан (45,3%) облыстарына тән. Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстарындағы ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны республикадан 42% құрайды, ал олардың ауылшаруашылық өндірісіндегі үлесі – 25,4%; ал ЖІӨ-де үлесі 10,2% ғана. Нәтижесінде осы оңтүстік облыстарда орташа жалақы деңгейі, оның ішінде ауыл шаруашылығындағы жалақы деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда төмен (1-сурет).



## Сурет 1. Қазақстан өңірлері бойынша 2023 ж. орташа жалақы, теңге

ҚР ауыл шаруашылығындағы 2023 жылғы орташа айлық жалақы деңгейін талдау басқа салалармен қатар өңірлер арасындағы елеулі айырмашылықтарды көрсетеді, саладағы орташа жалақының вариациясы өте үлкен. Республикамыздың барлық өңірлерінде саладағы жалақы деңгейі орташадан төмен, айырмашылық мұнайлы Атырау (5,2 есе) және Маңыстау (2,2 есе) облыстарында қатты байқалады. Тек Солтүстік Қазақстан облысы саладағы орташа айлық жалақы (247583 теңге) қызметтің барлық түрлері бойынша орташа жалақыға (262248 теңге) жақын жалғыз өңір болып табылатыны ерекше назар аудартады. Себебі елімізде ауылшаруашылық саласы ең дамыған осы Солтүстік Қазақстан облысындағы 74406 жұмыскер (жалпыдан 6,9%) сала өнімінің 11,5% үлесін қамтамасыз етеді, еңбек өнімділігі жоғары. Мұндай ауытқулар жалпы экономика деңгейінде де байқалады: ЖІӨ-нің жартысы Алматы (20,6%) мен Астана (10,7%) қалалары, Атырау (12,4%) мен Қарағанды (7,0%) облыстарына тиесілі. Бұл мәселелер «ҚР еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» да аталып өткен: экономиканың күрделілік деңгейі бойынша Қазақстан әлемде 81-ші орынды иеленеді [7]. Ел экономикасының күрделілігінің төмендігі (экономика әртараптандырылмаған, көмірсутектер мен металдар түріндегі шикізат экспортынан шамадан тыс тәуелділік) жұмыс күшінің сұранысына деген тренд қалыптастырып отыр – күрделі, сапалы біліктілікті қажет ететін жұмыс орындары аз, орта білікті жұмысшыларға сұраныс басым.

Осылайша, егер ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі мен жалақының төмендігі мәселесі сақталса, онда сектордағы еңбек ресурстарының ірі қалалардағы қызмет көрсету және сауда саласына көшуі еселенеді, еңбек ресурстарының құрылымындағы теңгерімсіздіктер одан да арта түседі. Бұл ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуын арттыру үшін мақсатты стратегияларды әзірлеудің маңыздылығын көрсетеді.

Осы тұстағы ең маңызды мәселенің бірі – мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың өз мақсаттарына жетпей, аяқсыз қалуы. Мысалы, 2021 жылы ел тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын 2021-2025 жж. аралығында жоғарылатуға бағытталған 10 Ұлттық жоба (құны 48 трлн. теңгені құрайтын денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлікті дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, қуатты өңірлер, орнықты экономикалық өсу және басқа да бағыттар) бекітілді [8]. Дегенмен, 2024 жылдан бастап «Қауіпсіз мемлекет» жобасын басқа барлық 9 жоба мерзімінен 2 жыл бұрын, көзделген мақсаттарға қол жеткізілмей күштерін жойды. 2022 жылғы республикалық бюджеттің орындалуы туралы Есепте: Ұлттық жобалар өте қомақты, оларға алдыңғы бағдарламалардағы шаралар кемшіліктері түзетілмей көшірілген; «Дені сау ұлт» және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» жобаларынан басқа жобаларды жүзеге асыру мақсаттары көзделген мерзімдерде орындалмайтындығы нақты айтылған [9].

2024 жылы 4 блокқа топтастырылған дамудың 17 бағытын қамтитын жаңа «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» бекітілді. Құжатқа алдыңғы 2025 жылға дейінгі даму жоспарына енген, оның ішінде 2021 жылы қабылданып, күшін жойған Ұлттық жобалардағы міндеттер де енген. Даму жоспарының «Өмірдің жоғары сапасы» блогындағы: Денсаулық сақтау, Білім мен ғылым, Әлеуметтік қорғау, Жайлы орта бағыттарында көзделген мақсаттармен қатар, «Агроөнеркәсіптік кешен» бағытындағы үш іргелі міндеттің қатарында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жұмыскерлердің лайықты әл-ауқатын қамтамасыз етуге қол жеткізу көзделген [10]. Осы жоспарды жүзеге асыруда осыған дейінгі теріс нәтижелер мен орын алған кемшіліктерді сыни талдау, қателіктерді есепке алу қажет. Аграрлық сектордың кадр саясатындағы тиімді мемлекеттік бағдарламалар мен өзгерістерді әзірлеу, сондай-ақ ауылда өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту сала экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің ең басты алғышарттарының бірі болып табылады.

### **Қорытынды**

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарының құрылымын талдау негізінде экономиканың драйверіне айналуға сектордың әлеуетін айтарлықтай төмендететін бірнеше түйінді мәселелер анықталды:

– өнімсіз жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі салдарынан (еліміз бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушылар санатындағылардың 27%-ы ауыл шаруашылығы секторына тиесілі) салада ең төмен еңбек өнімділігі орын алған, бұл жалақы деңгейінің де салыстырмалы түрде төмен болуын негіздейді;

– ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарының жалпы саны «жеткілікті» сияқты болып көрінгенімен, еңбек ресурстарының құрамының қартаюуы орын алған және объективті себептерге байланысты аграрлық секторда жұмыс істеуге дайын жас мамандардың жетіспеушілігі бар;

– еңбек ресурстарының жалпы экономикамен салыстырғанда білім деңгейі бойынша теңсіздік айқын байқалады және инновациялық технологияларды енгізу үшін тек жоғары білімді мамандардың ғана емес, заманауи техникалық және кәсіби білім алған мамандардың тапшылығы бар.

Мемлекет тарапынан ауылдық аймақтарды дамытуға, жас мамандарды ауылға тарту мен байланысты бірнеше арнайы бағдарламалардың жүзеге асырылуына және білікті кадрларды даярлауға ықпал ету үшін ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқыту үшін айтарлықтай білім беру гранттарын бөлуіне қарамастан орын алған жағдай өзгеріп отырған жоқ. Бұл құбылыс тұрақты табыс көзі мен әлеуметтік мәртебенің болмауы, сондай-ақ мансаптық өсудің шектеулі мүмкіндіктері, аграрлық саладағы жұмысты қызықты әрі перспективалы ете алатын заманауи технологиялардың болмауына орай – ауыл шаруашылығына кәсіп пен өмір салты ретінде қызығушылықтың төмендеуіне байланысты жастардың көбінесе ата-аналарының фермерлік ісін жалғастырмауына, жас мамандардың жоғары ақы төленетін және әлеуметтік тартымды салаларды артық көріп, аграрлық салада жұмыс істеуден бас

тартуына әкеліп отыр. Бұл мәселелерді шешу еңбек өнімділігін арттыруды, инфрақұрылымды дамытуды, еңбек жағдайларын жақсартуды және аграрлық сектор үшін жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталған білім беру бастамаларын ынталандыруды қамтитын шаралар кешенін талап етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz>.

2. Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан 2019-2023 / Статистический сборник [Текст]. – Астана, 2024. –152 с.

3. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kaz.zakon.kz/6048484>

4. Сатыбалдин Ә.Ә., Тлеубердинова А.Т., Кулик К.В. Ауылдық аумақтарды дамытуды тұжырымдау // Экономика: стратегия және практика. – 2021. – №16(3). – 6–21 Б.

5. Тинкай Х., Рустембаев Б.Е., Кадырова К.Ж., Амангельдиева Н.С. Анализ эффективности использования трудовых ресурсов в сельском хозяйстве Республики Казахстан // Вестник университета «Туран». – 2024. –№2. – С. 378-394.

6. Barker R., Adams R. Aging workforce and the future of agriculture // Agricultural Economics.–2018.–Vol.49(2).–P.123-133.

7. «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz050#z83>

8. «Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/ulattyk-zhobalar-turaly-1392650>

9. Краткое заключение к отчету правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета за 2022 год [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/uploads/2023/2a7a39>

10. «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

## REFERENCES

1. QR Strategialyq josparlau және reformalar agenttiǵı Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері [Electronic resource]. – URL: <https://stat.gov.kz>.

2. Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Respublike Kazahstan 2019-2023 / Statisticheskij sbornik. – Astana, 2024. -152 P.

3. «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalыq ösım, қоғамдық оптимизм» Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ 2024 jylǵy 2 qyrküiektegi



Qazaqstan halqyna Joldaуy [Electronic resource].–  
[URL:https://kaz.zakon.kz/6048484](https://kaz.zakon.kz/6048484)

4. Satybaldin A.A., Tleuberdinova A.T., Kulik X.V. Auyldyq aumaqtardy damytudy tūjyrymdau // Ekonomika: strategia jāne praktika. – 2021. – №16(3). – P. 6–21.

5. Tinkai H., Rustembayev B.E., Kadyrova K.J., Amangeldieva N.S. Analiz jeffektivnosti ispol'zovaniya trudovyh resursov v sel'skom hozjajstve Respubliki Kazahstan // Vestnik universiteta «Turan». – 2024. –№2. – P. 378-394.

6. Barker R., Adams R. Aging workforce and the future of agriculture // Agricultural Economics.–2018.–Vol.49(2).–P.123-133.

7. «Qazaqstan Respublikasynyñ eñbek naryğyn damytudyñ 2024 – 2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasy» [Electronic resource].–URL: <https://adilet.zan.kz050#z83>

8. «Ūlttyq jobalar tizbesin bekıtu turaly» QR Prezidentiniñ 2021 jylğy 7 qazandağy № 670 Jarlyğy [Electronic resource].–URL: <https://www.akorda.kz/kz/ulttyk-zhobalar-turaly-1392650>

9. Kratkoe zaklyuchenie k otchetu pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ob ispolnenii respublikanskogo byudzheta za 2022 god [Electronic resource]. – URL: <https://www.gov.kz/uploads/2023/2a7a39>

10. «Qazaqstan Respublikasynyñ 2029 jylğa deingı ūlttyq damu jospary» [Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

**Байдаков А.К.,**

кандидат экономических наук,  
ассоциированный профессор, a\_baidakov@mail.ru

*Казахский агротехнический  
исследовательский университет им. С.Сейфуллина  
010011 г. Астана, пр. Женис, 62*

## **АНАЛИЗ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ВЫЗОВЫ ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ**

***Аннотация.** Статья посвящена анализу структуры трудовых ресурсов сельского хозяйства Республики Казахстан в целом и в разрезе регионов с целью выявления ключевых особенностей и проблем по таким параметрам, как статус занятости, возраст, уровень образования и доходы. Цель статьи – выявление ключевых факторов, определяющих структуру трудовых ресурсов сельского хозяйства и разработка рекомендаций для обеспечения устойчивого развития отрасли. Исследования показывают, что, несмотря на кажущуюся количественную достаточность трудовых ресурсов, в их составе имеются значительные структурные диспропорции. Эти диспропорции касаются как возрастной, так и квалификационной структуры и статуса занятого населения, что существенно ограничивает потенциал повышения*

*производительности труда и устойчивости аграрного сектора в целом. Статья подчеркивает необходимость комплексного подхода к решению проблем структурных дисбалансов в составе трудовых ресурсов и непривлекательности аграрного сектора для молодежи.*

***Ключевые слова:** трудовые ресурсы, сельское хозяйство, занятость, структурные диспропорции, производительность труда, заработная плата.*

**Baidakov A. K.,**

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, a\_baidakov@mail.ru

*Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin  
010011 Astana, Zhenis Ave., 62,*

## **ANALYSIS OF AGRICULTURAL LABOR RESOURCES IN KAZAKHSTAN: REGIONAL FEATURES AND CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT**

***Abstract.** The article analyzes the structure of the agricultural workforce of the Republic of Kazakhstan as a whole and by region in order to identify key features and problems in terms of such parameters as employment status, age, education level and income. The purpose of the article is to identify the key factors determining the structure of the agricultural workforce and to develop recommendations for ensuring the sustainable development of the industry. Research shows that, despite the apparent quantitative sufficiency of labor resources, there are significant structural imbalances in their composition. These disparities relate to both the age and qualification structure and the status of the employed population, which significantly limits the potential for increasing labor productivity and sustainability of the agricultural sector as a whole. The article emphasizes the need for an integrated approach to solving the problems of structural imbalances in the workforce and the unattractiveness of the agricultural sector for young people.*

***Keywords:** labor resources, agriculture, employment, structural imbalances, labor productivity, wages.*